

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы
Ата-аналар жиналысының хаттамалары

ХАТТАМА №3

Өткізілген күні: 27 мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: «Талпын» оңалту балабақшасының мәжіліс залы

Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындысы және жазғы сауықтыру жұмыстары»

Топ атауы: «Қадам» «Жарқын» тобы

Қатысқандар: 11 ата-ана

Қатыспағандар: 5 ата-ана

Жиналыс төрағасы: Балабақша меңгерушісі Махутова М.Х.

Хатшысы: Тәрбиеші Басбаева А

Күн тәртібі

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың жетістіктері мен даму динамикасы.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстары.
4. Балалардың қауіпсіздігі және ата-аналарға ұсыныстар.
5. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды

1-мәселе бойынша

Балабақша меңгерушісі оқу жылы барысында атқарылған жұмыстарға тоқталып, педагогикалық ұжымның жетістіктерін баяндады.

2-мәселе бойынша

Тәрбиешілер мен мамандар балалардың дамуындағы оң нәтижелерді атап өтті. Балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету, қарым-қатынас жасау, сөйлеу және танымдық дағдыларының қалыптасуы жөнінде ақпарат берілді.

3-мәселе бойынша


Медбике жазғы сауықтыру шаралары, дұрыс тамақтану, күн және су процедуралары туралы ұсыныстар берді.


4-мәселе бойынша

Ата-аналарға жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы түсіндірілді.


Қаулы етті

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындылары назарға алынсын.
2. Балалардың жетістіктерін одан әрі дамыту бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
3. Жазғы сауықтыру іс-шаралары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
4. Ата-аналар балалардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарасын.
5. Келесі оқу жылына дайындық жұмыстары уақытылы жүргізілсін.

Төраға:  Махутова М.Х.

Хатшы:  Басбаева А.О.

«ТАЛПЫН» ИНКЛЮЗИВТІ ОҢАЛТУ БАЛАБАҚШАСЫ



М.Махутова

Ата-аналар жиналысы №3

БАЯНДАМА

Тақырыбы: «Жазғы сауықтыру жұмыстары»

Дайындаған: Медбике Кабакова Б.

Ақтау қаласы 2026 жыл

БАЯНДАМА

Тақырыбы: Жазғы сауықтыру жұмыстары

Медбике: Кабакова Б.

Талпын инклюзивті оңалту балабақшасы

27 мамыр 2026 жыл

Кіріспе

Құрметті ата-аналар!

Жаз мезгілі – балалардың денсаулығын нығайтуға, иммунитетін көтеруге және дене дамуын жетілдіруге қолайлы кезең. Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты – балалардың денсаулығын сақтау, аурулардың алдын алу, қозғалыс белсенділігін арттыру және қауіпсіз демалыс ұйымдастыру.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін жазғы сауықтыру шаралары олардың физикалық және психоэмоционалдық жағдайын жақсартуға, қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді.

Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі міндеттері

- Балалардың денсаулығын нығайту;
- Иммунитетті көтеру;
- Қозғалыс белсенділігін арттыру;
- Дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру;
- Жарақаттану мен жұқпалы аурулардың алдын алу;
- Таза ауада өткізілетін шараларды көбейту;
- Салауатты өмір салтын насихаттау.

Жаз мезгіліндегі күн тәртібінің маңызы

Балалардың денсаулығын сақтау үшін:

- Ұйқы режимін сақтау;
- Уақытылы тамақтану;
- Күнделікті таза ауада серуендеу;
- Қозғалыс ойындарына қатысу;
- Судың жеткілікті мөлшерін ішу маңызды.

Жазғы кезеңде балалардың көп уақытын таза ауада өткізуге ерекше көңіл бөлінеді.

Шынықтыру шаралары

Шынықтыру жұмыстары балалардың ағзасын қоршаған орта әсерлеріне бейімдейді.

Балабақшада:

- Таңертеңгілік жаттығулар;
- Таза ауадағы ойындар;
- Ауа ванналары;
- Серуен кезіндегі белсенді қозғалыс жаттығулары;
- Табиғи факторларды тиімді пайдалану жұмыстары жүргізіледі.

Шынықтыру шаралары жүйелі түрде және баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып өткізіледі.

Дұрыс тамақтанудың маңызы

Жаз мезгілінде балалардың рационсында:

- Жаңа піскен көкөністер;
 - Жемістер;
 - Сүт өнімдері;
 - Ет және балық тағамдары;
 - Табиғи шырындар болуы қажет.
- Ата-аналарға балалардың тәтті газдалған сусындарды шамадан тыс тұтынуына жол бермеу ұсынылады.

Күн сәулесінен қорғану

Жазғы уақытта күннің зиянды әсерінен сақтану маңызды.

Ата-аналарға ұсынылады:

- Бас киім кигізу;
- Ашық түсті жеңіл киім таңдау;
- Күннің ең ыстық уақытында (11:00–16:00) ұзақ уақыт сыртта болдырмау;
- Баланың су ішу режимін бақылау.

Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері

Балаларға:

- Бейтаныс су айдындарына жақындамау;
- Жолда жүру ережелерін сақтау;
- Үлкендердің қарауынсыз суға түспеу;
- Өткір заттарды қолданбау;
- Бейтаныс адамдармен сөйлеспеу жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Жұқпалы аурулардың алдын алу

Ата-аналар:

- Баланың жеке бас гигиенасын қадағалауы;
- Қол жуу дағдысын қалыптастыруы;
- Ауру белгілері байқалса дәрігерге қаратуы;
- Баланы толық емделгенге дейін ұжымға әкелмеуі қажет.

Ерекше балалармен жүргізілетін сауықтыру жұмыстары

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін:

- Жеке денсаулық ерекшеліктері ескеріледі;
- Қозғалыс белсенділігі бақылауда болады;
- Қажетті медициналық бақылау жүргізіледі;
- Педагогтар мен ата-аналардың бірлескен жұмысы ұйымдастырылады.

Қорытынды

Құрметті ата-аналар!

Балалардың денсаулығы – біздің ортақ құндылығымыз. Жазғы сауықтыру жұмыстары баланың физикалық дамуына, иммунитетінің нығаюына және көтеріңкі көңіл-күйде болуына ықпал етеді.

Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы арқылы ғана балалардың қауіпсіз әрі пайдалы жазғы демалысын ұйымдастыра аламыз.

Назарларыңызға рақмет!